

Топар кентіндегі құрамдас бөліктерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Абай ауданы Топар кентінің әкімінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 10 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 қарашада № 5002 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының негізінде және тұрғындардың пікірлерін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды облысы Абай ауданы Топар кентінің құрамдас бөліктері келесідей болып қайта аталсын:

- 1) Северная көшесін – Достық көшесіне;
- 2) Луговая көшесін – Ынтымақ көшесіне;
- 3) Ленин көшесін - Атамекен көшесіне;
- 4) Тельман көшесін – Тәуелсіздік көшесіне;
- 5) Грибоедова көшесін – Мерей көшесіне;
- 6) Б.Хмельницкий көшесін - Отан көшесіне;
- 7) Мичурин атындағы саябағын - Энергетиктер саябағына.

2. Осы шешімнің орындалуын өзім қадағалаймын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кент әкімі

Қ. Мүслімова